



ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

Михаил Бахтин
«Романдағы дискурс»



Мақсаты: тілдік және сөйлеу әрекетінің әлеуметтік ерекшелігімен сипатталатын мәселелер негізінде тыңдаушыны Михаил Бахтиннің әдеби-теориялық тұжырымдарымен таныстыру; тілдегі гетероглоссияға назар аудару.

Кілт тіркестер: әлеуметтік сөйлесімнің түрлері, романдағы гетероглоссия, стилистика мәселелері, суретшінің тілдік санасы, тілдегі стратификация.

Негізгі идеялары:

- Михаил Бахтин – белгілі орыс философы, мәдениет теоретигі.
- Роман әлеуметтік сөйлесімнің ерекшелігі ретінде. Романдағы гетероглоссия.
- Стратификация мен жанрлық ерекшеліктер.

Бахтин – орыс философы, мәдениеттанушы, мәдениет және өнер теоретигі. Ғалым Орел қаласында, банкир қызметкерінің көп балалы отбасында дүниеге келді. Кейін ол жанұясымен бұрынғы Вильне, қазіргі Вильнюс, Одесса қалаларында тұрды. 1918 жылдан Бахтин Невеле қаласында бірыңғай еңбек мектебінде сабақ берді. Сол жерде Бахтин өзімен мүдделес интеллектуалдармен танысып, ғылыми орта қалыптастырды. Олардың арасында көпшілікке танымал М.И. Каган, Л.В. Пумпянский, В.Н. Волошинов, М.В. Юдина, Б.М. Зубакин сияқты ғалымдар да болды. Михаил Бахтин тілді, әңгіменің эпикалық пішіндерін, еуропалық роман жанрын зерттеу арқылы танылды. Ол еуропалық романның жаңа теориясын жасай отырып, әдеби шығармадағы көпдауыстылық немесе полифонизм тұжырымын дамытты. Франсуа Рабле романдарының әдеби ұстанымдарын зерделеу барысында Бахтин халықтық күлкі мәдениетінің әмбебап теориясын дайындады. Оның еңбектерінде полифонизм, күлкі мәдениеті, хронотоп, карнавалзация, мениппея, рухани биіктік (духовный верх) пен дене төмендігі (телесный низ) секілді әдеби ұғымдар кеңінен дәйектелді.

Бахтин бірнеше лингвистикалық еңбектердің де авторы. Оның мазмұнын жалпы теория мәселелері, стилистика мен сөйлеу жанрларының теориясы айғақтады. Ғалым ғылыми-пәлсапалық ортаның жоғары санатты көшбасшысы ретінде белгілі болды. 1919 жылы оның «Өнер және жауапкершілік» деген атпен алғашқы мақаласы жарық көрді. 1920 жылдан бастап ғалым Витебск қаласында тұрды әрі жергілікті педагогикалық институт пен консерваторияда дәріс оқыды, ғылыми көпшіліктің алдында пәлсапа, эстетика және әдебиет мәселелері бойынша ой-тұжырымдарын талқыға салды. 1920–1924 жылдары ғалым аяқталмаған пәлсапалық трактаттарын қайта қолға алды. Достоевский туралы жазбаларын редакциялады. 1924 жылы Бахтин Ленинградқа қайта оралды. Оның айналасы пәлсапа, дін, этика, әдебиет секілді тақырыптардағы талқылаулар мен семинарларға толы еді. Осы қатарда Фрейдтің психоталдау теориясы да назардан тыс қалмады. Өнер тарихы институтында Бахтин «Көркем шығармадағы кейіпкер мен автор мәселесі» деген тақырыпта баяндама жасады. 1928 жылы А.А. Мейер тобының әрекеттері негізінде Бахтин қамауға алынды, дегенмен 1929 жылы 5 қаңтарда денсаулығының нашарлауына байланысты босатылды.

Соғысқа дейін Бахтин Кеңес Одағы Ғылым академиясының А.М. Горький атындағы Әлем әдебиеті институтының әдебиет теориясы секциясының жұмысына белсене араласты. Оның баяндамасы роман теориясы бойынша көпшілік алдында сөйлеген екі сөзіне негізделді. Олардың бірі 1940 жылы жарық көрген «Роман туралы сөз», екіншісі 1941 жылы 24 наурызда оқылған «Роман әдеби жанр ретінде» деген тақырыпта болды. Ғалымның бірінші баяндамасы 1965 жылы «Әдебиет мәселелері» («Вопросы литературы») атты жинақта басылса, екіншісі 1970 жылы жарыққа шықты. 1946 жылы 15 қарашада Бахтин Мәскеуде Әлем әдебиеті институтында «Реализм тарихындағы рабле» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады (1). Бүгін біз Бахтиннің көпшілік назарын аударған «Роман туралы сөз» атты еңбегіне талдау жасаймыз. Сіздерге автордың әдеби-теориялық тұжырымдамалары ұсынылады.

Бахтин ХХ ғасырдағы әдеби және мәдени зерттеулер салаларындағы ең ықпалды ойшылдар қатарынан орын алды. Кезінде ғалым әдебиеттің түрлі әлеуметтік дереккөздерден тұратын дискурстарды біріктіретін ерекшелігіне ерекше мән берді. Ол әдеби тілді қайта ойлап тұжырымдау арқылы сұрыптаудан өткізе келе, сөздердің диалог арқылы айқындалатын мән-мағынасын теориялық ұстанымдар арқылы негіздеді. Ғалымның теориясы бойынша жеке-ленген әдеби шығармалардың интермәтінді табиғатына мән беру күн тәртібіне қойылды.



Бахтиннің ойынша, роман әлеуметтік сөйлесулердің түрлі сипатымен анықталды. Бұл сипат кейде тілдердің және көркемдік мәндегі жеке дауыстардың әр түрлі болуымен байланыстырылды. Кез келген ұлттық тілдің ішкі стратификациясы әлеуметтік диалектілердің жиынтығы деп қарастырылды. Олар жеке топтардың тәртібін бейнелейтін үлгілермен, кәсіби жаргондармен, тілдердің туыстығымен сабақтастырылды. Дәл осы стратификация ұғымы романның жанр ретіндегі ерекшелігін сипаттайтын басты ерекшелік деп танылды. Романның барлық тақырыптарды қамтитын ерекшелігі, құрамындағы нысандар мен идеялардың жиынтығы ескерілді. Баяндау сөйлесу түрлерінің және жеке дауыстардың әлеуметтік түрлілігімен жүзеге асып отырды. Автордың, баяндаушылардың, тіпті кейіпкерлердің де сөздері романдағы гетероглоссияны, яғни көпүнділікті танытты. Автордың айтуына қарағанда, әлеуметтік дауыстар мен олардың байланысы кең көлемде байқала отырып, тілдер мен баяндаулардың да алуан түрлілігін көрсете білді.

Әдебиеттанушы: «Роман көп уақытқа дейін тек идеологиялық көзқарастар мен публицистикалық бағалаудың нысаны болып келді. Стилистика мәселелері не айналып өтілді, немесе кездейсоқ аталумен ғана шектелді. Поэтикалық мағынадағы көркем проза тілі өте тар аяда түсініп қабылданды. Оған дәстүрлі стилистика категориялары қолданылды немесе «образдылық», «бейнелеушілік», «қуат», «айқындық» сияқты ұғымдардың ешқандай стилистикалық мағынасы ескерілмей, қарапайым бағалау сипатындағы тіл амалдарын пайдалану арқылы іске асатын шектелу байқалды», – деп жазды (2).

«Роман дегеніміз – көркемдік тұрғыда жақсы ұйымдастырылған әлеуметтік кереғар сөздер (разноречие), кейде тілдегі алуан түрлілік немесе жеке адамға тән ерекшелік. Бір ұлттық тілдің әлеуметтік диалектілерге, топтық шағын тілдерге, кәсіби жаргондарға, жанрлық тілдерге, ұрпақтар мен жас ерекшеліктеріне, бағыттар тіліне, беделді адамдар тіліне, әлеуметтік-саяси сағаттар мен күндер талабындағы тілдерге бөлінуі әр тілдің белгілі бір тарихи даму барысында басынан өткеретін ішкі ыдырауы, бұл роман жанрының дамуына қажет алғышарт болып танылады» (2), – деп жалғасын тапқан ойдың нәтижесінде Бахтин тілді нақты тірі орта ретінде қарастырды. Суретшінің тілдік санасы да осы ортадан нәр ала қалыптасатындықтан, ол да сол әлемнің айнасы іспеттес болады. Бұл не деген сөз? Шын мәнінде, тіл нормативтік пішіндердің абстракт үлгідегі грамматикалық жүйесі деп есептеледі. Ал адамның ойы мен саналы әрекеттің нәтижелері дербес сипатқа ие болады деп талданғандықтан, әлеуметтік өмір мен оның тарихи қалыптасу шарттары ұлттық тілде бірнеше әлемнің өріс алуына әкелді деп тұжырымдалды. Олар бір-бірінен вербалды, яғни тілдік амалдармен, идеялармен және ойларының әлеуметтік жүйелерімен өзгешеленді. Әдеби тіл ауызша және жазбаша пішіндердің тұтастығы ретінде қарастырылды, олардың ортақ сипаты абстрактілі және лингвистикалық маркерлерде ғана емес, тұжырымдау пішіндерінде де көрінеді деп түйінделді.

Автор: «Бұл стратификация бірінші кезекте нақты жанрлармен жүзеге асырылады. Тілдің лексикологиялық, семантикалық, синтаксистік ерекшеліктері арнайы белгіленген мақсатпен және жанрлық жүйенің ортақ мүддесімен қоса қарастырылады. Олардың қатарында шешендік немесе ораторлық, публицистикалық, газет және журналистік жанрлар көрініс табады. Тілдің арнайы ерекшеліктері бұл жанрдың өзіндік құндылығын, бояуын (колорит) айқындайды. Нақтырақ айтқанда, осы жанрға тән бірнеше көзқарастардың, нақты амалдардың, ойлау түрлерінің бірігуі іске асырылады» (2), – деп жазды.

Шын мәнінде, бұл жалпы тілдік стратификацияға кәсіби стратификация сабақтасып, «кәсіп иесі» деген ұғымның кеңістігі айқындалады. Осы бағытта заңгердің, дәрігердің, іскер адамның, саясаткердің, тіпті мемлекеттік білім беру жүйесіндегі оқытушының тілдері сараптауға түсті. Байқалатын ерекшелік, олар кейде бір-бірімен сәйкес келеді, ал кейде жанрға қарай құбылу ерекшелігіне ие болады. Тілдер бір-бірінен тек сөздік қорымен ғана емес, сонымен қатар ниет ету түрлерімен де, бағалау үлгілерімен де өзгешеленіп тұрды, сондықтан қаламгер сөзіне жүгіне отырып, тілдің кәсіби жанрлық сипатын да оңай анықтай аласың. Әрине, әдеби тілде әлеуметтік топтардың тіліндегі өзгерістердің орын алуына қарамастан, оларды тілдік стратификацияның бір ғана үлгісі деп қарастыруға болмайды.

Келесі айырмашылық ретінде Бахтин мағынаны білдіретін пішіндер арасындағы өзгешеліктерді талдады. Сол арқылы стратификацияның жалпыға ортақ әдеби тілдегі диалектикалық тұтастыққа зиян келтірмейтіні дәйектелді. Бұл ретте әлеуметтік сипаттағы ауызша сөйлеу



үлгісінің тілдің кейбір аспектілеріне әсер ете алатынына мән берілді. Мәселен, олардың семантикалық немесе бейнелегіш қуатын күшейтуге болады деп танылды. Қарап тұрсақ, белгілі бір семантикалық ерекшеліктер мен аксиологиялық құндылықтарды міндеттеу байқалады, осыдан лозунг сөздер мен мақтау үлгілері пайда болады деп тұжырымдалды.

Авторлық қорытындымен сөзсіз, келісуге болады. Сөзбен өрнектелетін идеологиялық өмірдің белгілі бір тарихи кезеңінде әр ұрпақ өзіне ғана тән әлеуметтік сипаттағы өзінің сөйлеу тілін жасайды. Сонымен қатар, алдында аталып өткендей, әр жастағы топтың, сөзсіз, өз тілі болады, бұл тілдің өз сөздік қоры мен жүйесі қалыптасады. Болып жататын өзгерістер әлеуметтік деңгейдегі өзгерістермен, академиялық ортамен тығыз байланысты болады. Айталық, курсанттың тілін, жоғары сынып оқушысының тілін немесе сауда мектебінде оқитын баланың тілін салыстырып көрсек, әрқайсысының тіліндегі айырмашылықты байқауға болады. Аталған өзгерістердің барлығы тілдегі әлеуметтік дифференциация арқылы жүзеге асуда. Мысал ретінде ғалым отбасындағы тілдің де өзіндік қоғамдық ерекшелікпен және әлеуметтік дамумен анықталатынын да ескертуге болады.

Ғалымның айтуына қарағанда, қызық үдеріс байқалады. Әр түрлі дәуірлер мен кезеңдердің әлеуметтік-идеологиялық өмірін сипаттайтын тілдер қатарласа тіршілік ету мүмкіндігіне ие болады. Соған қарамастан, поэзия бұл тілдік үдерістерді ескерусіз қалдырса, проза, керісінше, оларды күшейте түседі. «Шын мәнінде, біздің салыстыруымызды әдістемелік негізде дәйектейтін ортақ тегіс кеңістік бар», – дей отырып, ғалым тілдерді әр түрлі үлгідегі гетероглоссиялар деп қабылдады.

Өзгеше сипатына қарамастан, тілдің өзі әлемге деген түрлі көзқарстар жиынтығын білдіреді, сол арқылы әлем де сөзбен тұжырымдалып, өзгеше дүниетанымдар мен құндылықтар тізбегін түзеді. Оларды бір-бірін толықтыратын немесе бір-біріне қарама-қарсы немесе байланысқан құбылыстар ретінде қарастыруға болады. Олар шынайы адамдар санасында өмір сүреді. Бұл көріністердің айқын келбетін, автор ойы бойынша, әсіресе шығармашылық адамдарынан байқауға болады, соның ішінде роман жазатын адамдардың танымы өзгеше деп сараланады. Шынайы өмір келбеті мен әлеуметтік ортадағы күрес нағыз тілдік үдерістерді құрайды деп бағаланады. Роман болса, өзінің ішкі әлемінде стилизацияның, бейнелеудің немесе иллюстрацияның әр түрлі пішіндерін біріктіре алады деп танылады. Мысал ретінде ағылшынның комедиялық романдарын алып қарауға болады. Суретші барлық құралдар мен техниканы қоса отырып, тақырыпты әр қырынан аша алады.

Тілдің тірі әлеуметтік-идеологиялық сипаты кей кездері сөздің өзінде қабылданбаған. Зерттеушінің айтуына қарағанда, сөздің ортаға тартылып, меншіктік сипатқа ие болуы тек сөйлеушіге не сол сөзді қолданушыға тікелей байланысты болады. Сол арқылы сөз жаңа мағынаға ие болып, оның ішкі мазмұны сөйлеушінің ниетімен толысады. Нәтижесінде сөздің бейімделу үдерісі іске асырылады. Оған дейін, Бахтиннің айтуына қарағанда, сөзге бейтараптық тән болады. Сөздер бір адамнан екінші адамға ауызша беріле отырып, сол әлемнің бір бөлшегіне айналады деп түсіндірілді. Сөзге мазмұн бере отырып қана оны иемденуге болады деп ұғынылды. Дегенмен Бахтин бұл үдерісті барлық сөзге тән құбылыс ретінде қарастырмайды, сондықтан бұл құбылыстарға төмендегідей сипаттама береді: «кейбір сөздер қарсылық білдіреді, қалғандары сырт қалады, олар мәнмәтінде ассимиляцияға ұшырамайды, сол себепті одан түсіп қалады. Олар өздерін сөйлеушінің ниетіне қарсы қоятындай әсер пайда болады. Тіл бейтарап орта емес, ол адам пейілдерінің жиынтығы. Осыған орай, оны басқа әрекетке күштеу қисынсыз» (3).

Сөздің романдағы табиғаты мен қызметін саралаған Михаил Бахтин жай қарапайым шаруаның тіліндегі ерекшеліктерге талдау жасады. Қала тіршілігінен жырақ жатқан сауатсыз шаруа адамының тілінен де бірнеше тілдік жүйелерді байқауға болады деп есептеген ғалым бірнеше мысалдар келтірді. Сөйтіп, «Қалайша?» деген сұрақтың төңірегінде салыстырмалы талдаулармен дәйектелген тұжырымдар жасады. Шаруа Құдайға жалбарынатын кезде діни сипаттағы тілді қолданылады. Оны біз шіркеудің көне славян тілі деп атаймыз деп септеді зерттеуші. Жүректен шыққан әндерін шаруа өзге тілде айтса, отбасымен мүлдем басқа тілде сөйлесуі мүмкін, ал билікке қаратып білдіретін тілек-арыздарын немесе петициясын ол төртінші тілді қолдана жүзеге асырады деп талдаған Бахтин, ең соңғысын қағаз тілі немесе ресми тіл деп атады. Бұл тілдер, әрине, әлеуметтік-диалектілік маркерлер тұрғысынан алғанда да, әр



түрлі болары анық. Алайда олар шаруа санасында арнайы реттелді десек, қателесеміз. Олар ұрпақтан ұрпаққа осы үлгіде автоматты түрде беріліп келді. Қолданысына орай жүйеленген тілдің сөйлеу кезінде өзгешеленген түрлері пайда болды.

Келтірілген тұжырымдар негізінде автор төмендегідей қорытынды жасады: «Ортақ бір тіл – бұл тілдік нормалар жүйесі. Дегенмен бұл нормалар абстракт емес, олар тілдің тіршілігін іске асыратын күштер деп саналатындықтан, тілдің түрлі сөйлеу ерекшеліктерін де, ойлаудың сөздік әрі ұғымдық түрлерін біріктіріп орталықтандыратын да, ұлттық тілдің ішінде ресми әдеби тілдің тұрақты өзегін де ұстап тұра алады» (2). Бұл жерде Бахтин тілдің романдағы рөлі мен қызметін тек грамматикалық категориясы бар лингвистикалық белгілермен шектемей, аса маңызды қызметімен дәйектеді, сондықтан автор: «идеологиялық жағынан толыққанды болып келетін тілдің, дүниетаным өзегін құрайтын тілдің, тіпті идеологияның барлық салаларында түсіністікті қалыптастыратын нақты көзқарас кілті ретіндегі тілдің мақсаты» оның романдағы басты ерекшелігін жүйелейді, – деп атап көрсетті. Бахтин тұжырымдарының өзектілігі оның әдеби көзқарастарымен сабақтасып, бүгінгі күні де аса құнды ойлар қатарынан орын алуда. Заманауи ғылыми парадигмаға сәйкес, тілді түсіну дегеніміз оның қатысымдық, яғни коммуникативтік әрі әлеуметтік факторларды ескере отырып, әлемді тануға бағытталған когнитивтік құралдарымен анықталатын ерекшелігі болып табылады. Айталық Р. Сыздық көркем шығарма тілін сан алуан экстратанымдық ықпалдардың нәтижесі ретінде саралай келе, қаламгердің тақырыптық, мазмұндық және идеялық өрісін, ең алдымен, оның азаматтық болмысын сомдар қоғамдық мәселелермен сабақтастыру қажеттігін атап өтеді. Ой мен сөз арасындағы қозғалысты жеке ұғымның жалпыға түсінікті мағынаға айналуы деп түсіндірер болсақ, ойды айқындау, жеткізу, дәлелдеу бағытындағы романның да басты мақсаты диалектикалық заңдылыққа бағынған жалқы мен жалпы арақатынасынан туындайды, яғни сөз танымның ойдағы көрінісі және сыртқа шыққан формалық келбеті бола тұра, зейін мен зерденің, сана мен жадының, ақыл мен білімнің үйлесімді одағын сипаттар, адамнан адамға жетер құрал деп танылады. Осыған орай, пәнаралық сабақтастыққа негізделген зерттеулер жігі әдеби құндылықтар мен ғылыми дискурстың жаңа тұжырымдамалық көзқарасын қалыптастырып отыр. Біздің келесі кездесуіміз Мишель Фуко туралы болмақ. Біз француз философы, мәдениет пен тарих теоретигінің «Автор дегеніміз кім?» деп аталатын еңбегімен танысу мүмкіндігіне ие боламыз.

Бақылау сұрақтары

1. Михаил Бахтин қандай ғылыми салаларды зерттеумен айналысты?
2. Романға негіз болатын әлеуметтік жағынан түрленетін сөйлеу ерекшеліктерін қалай сипаттауға болады?
3. Романдағы гетероглоссия дегеніміз не?
4. Стратификацияны жанрлық ерекшелік ретінде қалай бөліп талдауға болады?

Қолданылатын дереккөздер

1. https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%91%D0%B0%D1%85%D1%82%D0%B8%D0%BD_%D0%9C%D0%B8%D1%85%D0%B0%D0%B8%D0%BB_%D0%9C%D0%B8%D1%85%D0%B0%D0%B9%D0%BB%D0%BE%D0%B2%D0%B8%D1%87
2. Бахтин М. Слово о романе. //
3. http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Literat/bahtin/slov_rom.php
4. Джули Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: Антология. 3-басылым. 205–219 беттер.